

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2024 жылғы 11 сәуір

### **KASE 2024 жылдың бірінші тоқсанындағы биржалық нарық жұмысының қорытындыларын ұсынады**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2024 жылдың бірінші тоқсанындағы қызметінің негізгі қорытындылары туралы мәлімдейді:

- 2024 жылдың үш айында KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 92,9 трлн теңгені құрады және 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 29,9%-ға немесе 21,4 трлн теңгеге өсті.
- KASE Индексінің мәні 21,3%-ға 5 077,84 тармаққа дейін өсті.
- Акциялар нарығын капиталдандыру 15,3%-ға 30,8 трлн теңгеге дейін өсті, саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 0,3%-ға 13,5 трлн теңгеге дейін төмендеді.
- 2024 жылғы 01 сәуірдегі жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 247 эмитенттің 676 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.
- 2024 жылғы 01 сәуірдегі жағдай бойынша Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде 704 мың дербес шот болды. Бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша жеке тұлғалар 11 мың жаңа дербес шотты тіркеді.

### **БИРЖАНЫҢ ІС-ШАРАЛАРЫ МЕН НЕГІЗГІ ЖОБАЛАРЫ**

2024 жылдың бірінші тоқсанында KASE-нің қатысуымен келесі іс-шаралар іске асырылды:

- Биржа IFC-мен бірлесе отырып, Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттығының жыл сайынғы ашылу рәсімін ұйымдастырды, оның аясында "invest in Women: Accelerate Progress" тақырыбындағы пікірталас өтті.
- KASE 2023 жылдың қорытындысы бойынша Биржа мүшелерін – KASE нарықтарында үздік нәтиже көрсеткені үшін, листингілік компанияларды – ашықтыққа ұмтылғаны үшін, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін – қор нарығына қатысты ақпаратты белсенді жариялағаны үшін және жылдық есептер конкурсының қорытындысы бойынша жеңімпаздарды жыл сайынғы марапаттау рәсімін өткізді. Марапатқа Биржаның 11 мүшесі, 13 Эмитент және 9 БАҚ өкілі ие болды.
- \* KASE Қазақстанның жоғары оқу орындары студенттерінің қаржылық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ Қазақстан "Ring The Bell for Financial Literacy" рәсімдері шеңберінде және дүниежүзілік қор биржалары Федерациясының (WFE) World Investor Week 2023 жыл сайынғы бағдарламасын қолдау мақсатында ұйымдастырылған 15-ші жыл сайынғы KASE – "Биржалық симулятор" байқауының шеңберінде өткен оқу сауда-саттығының екінші кезеңінің қорытындысы бойынша жеңімпаздарды марапаттау рәсімін онлайн нысанда өткізді. Байқауға Қазақстанның 100-ден астам жоғары оқу орындарынан 6 мыңнан астам студент қатысушы ретінде тіркелді. Байқаудың екінші кезеңінің нәтижесінде 2 жоғары оқу орны: "Инновациялық Еуразия университеті" ЖШС және "С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті" РМК студенттері арасынан 10 жеңімпаз анықталды.

### **Бизнеске арналған іс-шаралар**

Сонымен қатар, 2024 жылдың бірінші тоқсанында Биржа тарапынан бизнеске арналған келесі іс-шараларды жүзеге асырды:

- KASE Шымкент қаласындағы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының алаңында әлеуетті эмитенттер арнап "KASE-нің бизнеске арналған мүмкіндіктері" тақырыбында онлайн вебинар өткізді;
- Астана қаласында жеке және квазимемлекеттік сектор өкілдері мен Биржаның әріптестері үшін бизнес өкілдеріне арналған таңғы ас форматындағы "KASE day in Astana" кездесуі өткізілді. Бас өсу барысында KASE-нің 2023 жылғы қызметінің қорытындылары, Биржаның қолға алынған жобалары, инновациялар мен жаңа қаржы құралдарын енгізу, Қазақстанның қор нарығын дамыту трендтері мен перспективалары туралы, сондай-ақ ESG қаржыландыруды дамыту, KASE Digital алаңында токенизацияланған активтерді іске қосу және сату жөніндегі жоспарлар, Market Data бағытын, KASE ақпараттық және талдамалық өнімдерін дамыту туралы ақпарат берілді.
- "Эмитент күні" аясында KASE "Кселл" АҚ басшылығымен бірлесіп, инвесторлар, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары мен БАҚ өкілдері үшін "2023 жылдың 4 тоқсаны мен 12 айындағы қаржылық нәтижелерге шолу" тақырыбында онлайн кездесу өткізді; "ҚазТрансОйл" АҚ өкілдерімен бірге компанияның өндірістік және қаржылық нәтижелері, сондай-ақ компания қызметінің әртүрлі бағыттары туралы деректер ұсынылған "ҚазТрансОйл" АҚ-ның 2023 жылдағы қызметінің қорытындысы" тақырыбында онлайн-кездесу өткізді.

### Оқыту іс-шаралары

Бөлшек инвесторлардың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында KASE Орталық Азия және Кавказ өңіріндегі KPMG спикерлерінің қатысуымен "Бағалы қағаздарға салық салу және декларациялау" вебинарын өткізді. Бағдарлама барысында жеке тұлғаларға бағалы қағаздарға салық салу мен декларациялаудың жалпы ережелері туралы ақпарат берілді.

### АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Акциялар нарығын капиталдандыру жыл басынан бері KASE тізімдеріндегі акциялар бағасының өсуі және "Эйр Астана" АҚ акцияларын сауда-саттық тізімдеріне енгізу есебінен 15,3%-ға немесе 4,1 трлн теңгеге өсіп, 30,8 трлн теңгені (68,8 млрд USD) құрады.

2023 жылдың наурыз айының соңында KASE сауда-саттық тізімінде 85 эмитенттің 100 атауындағы акциялары, соның ішінде листингтік емес алаңда – екі компания акцияларының екі атауы болды.

2024 жылдың бірінші тоқсанында Биржаның ресми тізіміне бір эмитент – "Эйр Астана" АҚ-ның акциялары енгізілді.

Акциялармен сауда-саттық көлемі 2024 жылдың бірінші тоқсанында 111,5 млрд теңгені құрап, 2023 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 77,2%-ға немесе 48,6 млрд теңгеге ұлғайды.

Ақпан айында KASE-де "Эйр Астана" АҚ жай акцияларының жария ұсынысы (IPO) өтіп, оның нәтижесінде компания 49,2 млрд теңге (баламасы 108,9 млн АҚШ доллары) немесе жергілікті нарықта ұсынылған жай акциялар көлемінің 76,0%-ын тартты. IPO шеңберінде бір акция үшін 1 073,83 теңге бағамен 45 855 827 акцияны сатып алуға 36 283 өтінім қанағаттандырылды. Орналастыру нәтижелері бойынша жеке тұлғалардың үлесі 49,4% және институционалдық инвесторлардың үлесі 50,6% құрады.

IPO шеңберінде "Эйр Астана" АҚ жай акцияларын сатып алуға өтінімдерді қабылдау және KASE және "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ тарапынан тізілімді тексеру, сондай-ақ KASE мүшелерімен салыстырып тексеру кезеңі аяқталғаннан кейін жиынтық көлемі 120,6 млрд теңге құрайтын (баламасы 266,8 млн АҚШ доллары) 36 899 өтінім белсенді деп танылды. Бұл ретте жеке тұлғалардан түскен белсенді өтінімдер саны 46,4 млрд теңге сомасында 36 832 өтінімді (қабылданған өтінімдер көлемінің 38,5%) құрады, олар ұстаушылардың 1 999 қосалқы шотынан және омнибус шоты арқылы есепке алынатын 27 431 бербес шоттан берілді.

Қайталама нарықта сауда көлемі 62,3 млрд теңгені құрады және 2023 жылдың осыған сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,8%-ға немесе 495,2 млн теңгеге төмендеді. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 1,1 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 6 310 теңгені, бір мәміленің орташа көлемі – 167,3 мың теңгені құрады.

Акциялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары арасында жеке тұлғалардың үлесіне – 60,0 %, банктердің үлесіне – 2,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 19,5 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 2,7 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне – 15,7% тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 7,9% құрады.

## KASE ИНДЕКСІ

Жыл басынан бері KASE Индексінің мәні 21,3%-ға 5 077,84 тармаққа дейін өсті.

2024 жылдың 01 сәуіріндегі жағдайға сәйкес KASE Индексіні есептеу үшін өкілдік тізім он атаудағы акциялардан тұрады, 01 наурыздан бастап KASE Индексінің есебіне "Эйр Астана" АҚ-ның жай акциялары енгізілді.

2024 жылдың бірінші тоқсанында қайталама нарықтағы индекстік акциялармен мәмілелер көлемі 42,6 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес көрсеткішінен 13,2 млрд теңгеге төмен. Сауда-саттықтың ең ауқымды көлемі "Эйр Астана" АҚ-ның жай акцияларына тиесілі болып, 8,5 млрд теңгені (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 20,0%) құрады.

### KASE Индексінің өкілдік тізіміне кіретін соңғы мәмілелер бойынша акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағасы, акция үшін теңге			Сауда-саттық көлемі*, млн теңге		
		01.04.24	01.01.24	Δ, %	3М 2024	3М 2023	Δ
"Kcell" АҚ	KCEL	3 166,00	1 954,98	+61,9	1 488,1	3 519,1	-2 031,0
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	1 506,97	977,06	+54,2	4 245,2	1 265,3	+2 979,9
"Қазақстан Халық банкі" АҚ	HSBK	212,94	163,60	+30,2	6 017,0	1 989,0	+14 028,0
Kaspi.kz АҚ	KSPI	57 500,00	45 600,00	+26,1	2 650,5	656,2	+1 994,3
"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	KMGZ	12 105,00	11 541,00	+4,9	8 079,4	45 422,6	-37 343,3
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	35 500,00	34 500,00	+2,9	3 568,9	690,4	+2 878,5
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 485,00	1 482,00	+0,2	3 768,7	192,5	+3 576,2
"Қазатомөнеркәсіп Ұлттық атом компаниясы" АҚ	KZAP	18 301,11	18 460,00	-0,9	3 005,3	1 659,6	+1 345,7
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	830,00	865,00	-4,0	1 242,0	415,9	+826,1
"Эйр Астана" АҚ	AIRA	1 062,00	-	-	8 495,6	0	+8 497,1

Индекстік компаниялардың он акциясының жетеуі 2024 жылдың бірінші тоқсанын жасыл аймақта аяқтады. Ең жақсы динамиканы телекоммуникация және қаржы секторларының индекстік компанияларының акциялары көрсетті. Мұнай-газ және энергетика секторлары өкілдерінің акциялары айтарлықтай төмендеді.

Бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша ең үлкен өсімді 61,9%-ға өскен **"Кселл" АҚ**-ның жай акциялары көрсетті. Телекоммуникация секторының өкілі жариялаған 2023 жылдың қаржылық нәтижелеріне сәйкес компанияның 2023 жылғы жалпы түсімі 227,5 млрд теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 2,8%-ға ұлғайды. Сервистік кіріс 9,6%-ға өсіп, 190,3 млрд теңгеге жетті. Бұл ретте таза пайда 7,5 млрд теңгеге төмендеп, 33 млрд теңгені құрады. Таза пайданың төмендеуі өз желісін дамыту мен жаңартуға арналған күрделі шығындардың өсуіне, сондай-ақ бесінші буын байланыс технологиясын қолдануға инвестицияларға байланысты болды.

2024 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысына сәйкес өсу қарқыны бойынша екінші орынды бағасы 54,2% қосқан **"Банк ЦентрКредит" АҚ**-ның жай акциялары иеленді. 2024 жылдың 19 наурызында S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі Банктің рейтингтері бойынша болжамды "Тұрақтыдан" "Позитивтіге" қайта қарап, Банктің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерін "BB-/B" деңгейінде растады.

Үздік үштікті 30,2% өсіммен **"Қазақстан Халық банкі" АҚ**-ның қарапайым акциялары түйіндеді. "Қазақстан Халық банкі" АҚ-ның шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне сәйкес 2023 жылы таза пайда 21,8%-ға 693,4 млрд теңгеге дейін ұлғайды. 2023 жылдың пайыздық кірістері 33,8%-ға өсті, ал пайыздық шығыстар 2022 жылмен салыстырғанда 48,6%-ға өсті. Осының нәтижесінде таза пайыздық кіріс 21,1%-ға өсті. 2024 жылдың 19 наурызында S&P Global Ratings болжамды "Тұрақтыдан" "Позитивтіге" қайта қарап, Банктің рейтингтерін "BB+/B" деңгейінде растады. 2024

жылдың 20 наурызында Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі эмитенттің ұзақ мерзімді дефолт рейтингін "Тұрақты" болжамымен "BBB -" деңгейінде растады.

**Kaspi.kz АҚ** акциялары бір жай акция үшін 57 500,00 теңге белгісіне жетіп, бағасына 26,1% қосылды. Kaspi.kz АҚ Nasdaq арқылы 1 АДҚ үшін 92 АҚШ доллары бағасымен 11,3 миллион американдық депозитарлық қолхаттарды (АДҚ) орналастырып, 1,0 миллиард АҚШ долларын тартты. Kaspi.kz. аудиттелмеген жылдық есептілігіне сәйкес компанияның кірісі 51%-ға, таза пайдасы 44%-ға, активтері 33,2%-ға, міндеттемелері 33%-ға өсті. Бұл ретте компанияның Директорлар кеңесі акционерлерге акция үшін 850 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуді ұсынды. Акционерлер жиналысы 2024 жылдың 08 сәуіріне белгіленді.

"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ-ның жай акциялары бірінші тоқсанда бағасынан 0,9% жоғалтты. Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ рейтингін "Тұрақты" болжамымен "BBB -" - ден BBB" - ге дейін көтерді. Компанияның 2023 жылдағы өндірістік нәтижелеріне сәйкес Топ бойынша сату көлемі 94%-ға өсті, ал шоғырландырылған еншілес және тәуелді ұйымдарды есепке алмағанда сату көлемі 185%-ға өсті. Компанияның 2023 жылдағы қаржылық нәтижелеріне сәйкес Топтың шоғырландырылған кірісі 43%-ға 1 434,6 млрд теңгеге дейін ұлғайды, ал таза пайда 23%-ға 580,3 млрд теңгеге дейін өсті. Бұл өсім сатудың орташа бағасының өсуімен және сату көлемінің өсуімен байланысты.

### "KASE GLOBAL" СЕКТОРЫ

2024 жылдың наурыз айының соңында "KASE Global" секторындағы Биржаның сауда-саттық тізімдерінде 45 атаудағы акциялар және шетелдік эмитенттердің 11 ETF болды.

2024 жылдың үш айында "KASE Global" секторындағы сауда-саттық көлемі 6,6 млрд теңгені құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес көрсеткішінен 21,4%-ға немесе 1,2 млрд теңгеге жоғары. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 112,2 млн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 365, бір мәміленің орташа көлемі – 307,1 мың теңгені құрады.

2024 жылдың бірінші тоқсанында "KASE Global" секторындағы ең көп мәмілелер келесі акциялармен жасалды:

- Ford Motor Company – жалпы сомасы 54,4 млн теңгеге 2 437 мәміле;
- Pfizer Inc. – жалпы сомасы 139,6 млн теңгеге 1 781 мәміле;
- Apple Inc. – жалпы сомасы 362,3 млн теңгеге 1 637 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде жеке тұлғалардың үлесіне – 50,4 %, банктердің үлесіне – 0,5 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 34,5 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 14,6% тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 0,4 % құрады.

### КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 2024 жылдың басынан бастап 0,3%-ға немесе 35,1 млрд теңгеге төмендеп, 13,5 трлн теңгеге (30,0 млрд USD) жетті.

2024 жылдың 01 сәуіріндегі жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімінде 113 Эмитенттің корпоративтік облигацияларының 416 шығарылымы болды. 2024 жылдың басынан бастап KASE ресми тізіміне 16 Эмитенттің 21 облигация шығарылымы енгізілді: "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ және "Онлайн ҚазҚаржы" МҚҰ" АҚ үш шығарылымы, "ҚазАгроҚаржы" АҚ екі шығарылымы және "Робокэш.кз" МҚҰ" ЖШС, "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС, "TAS FINANCE GROUP" (TAC ФИНАНС ГРУПП) МҚҰ" ЖШС, "ALITA Stroy" ЖШС, "FIVE BROKERS' CAPITAL" АҚ, "KA "ID Collect (АйДи Коллект)" ЖШС, JET Group Ltd. жеке компаниясы, "Birinshi Lombard" ЖШС, "ФРИДОМ ФИНАНС Кредит Микроқаржы ұйымы" ЖШС, "Oasis Logistics" ЖШС, "Olivia Stroy" ЖШС, "Жарқын Construction I" ЖШС және "СК Жаңа Бастау" ЖШС бір шығарылымы.

KASE\_BMY Индексі (негізгі алаңның корпоративтік облигацияларының кірістілік индексі) жыл басынан бастап 27 б.т. төмендеп, жылдық 14,18% мәнге жетті.

2024 жылдың үш айында сауда-саттықтың жиынтық көлемі 714,1 млрд теңгені құрап, 2023 жылдың сәйкес кезеңіне қатысты 53,0%-ға немесе 247,3 млрд теңгеге ұлғайды. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 12,1 млрд теңгені (қайталама нарықта – 1,8 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 303 (қайталама нарықта – 298), бір мәміленің орташа көлемі – 40,0 млн теңгені (қайталама нарықта – 6,1 млн теңге) құрады.

2024 жылдың бірінші тоқсанында корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 606,0 млрд теңгені құрады және 2023 жылдың осыған сәйкес кезеңімен салыстырғанда 60,3%-ға немесе 228,0 млрд теңгеге өсті:

- "Қазақстан Даму Банкі" АҚ облигацияларын жылдық 12,50%-бен өтеуге дейінгі мерзімі бір жыл шартымен орналастыра отырып, 46,2 млрд теңге тартты;
- "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ жылдық 13,00%-бен 15 жылдық облигацияларды орналастыра отырып, 190,0 млрд теңге тартты;
- "Банк ЦентрКредит" АҚ жылдық 4,50% өтеуге кірістілікпен үш айлық облигацияларды орналастыра отырып, 7,3 млн АҚШ долларын (баламасы 3,3 млрд теңге) тартты;
- "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ жылдық 13,15%-бен 15 жылдық облигацияларды орналастырып, 190,0 млрд теңге тартты;
- "Қазақстандық Тұрғын үй Компаниясы" АҚ жылдық 0,10% өтеуге кірістілікпен 30 жылдық облигацияларды орналастырып, 1,2 млрд теңге тартты;
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ өтеуге орташа алынған кірістілігі жылдық 12,10-13,49% және 0,9 жылдан 2,0 жылға дейін өтеуге дейінгі мерзімдермен облигациялардың сегіз шығарылымын орналастырып, 108,9 млрд теңге тартты;
- "Лизинг Групп" АҚ облигациялардың екі шығарылымын орналастырып:
  - Өтеуге кірістілігі 9,99% және өтеуге дейінгі мерзімі 0,5 жыл болатын облигацияларды орналастырып, 1,5 млн АҚШ долларын (баламасы 673,6 млн теңге) тартты,
  - жылдық 21,00%-бен және өтеу мерзімі 1 жыл болатын облигацияларды орналастырып, 300 млн теңге тартты;
- "Birinshi Lombard" (Бірінші Ломбард) ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 24,00% және өтеуге дейінгі мерзімі 0,9-1,8 жыл облигациялардың екі шығарылымын орналастырып, 1,7 млрд теңге тартты;
- "ФинТехЛаб" Микроқаржы ұйымы" ЖШС облигациялардың екі шығарылымын орналастырып:
  - жылдық 21,50 %-бен екіжылдық облигацияларды орналастырып, 200,0 млн теңге тартты,
  - жылдық 11,00 %-бен екіжылдық облигацияларды орналастырып, 1,0 млн АҚШ долларын (баламасы 466,1 млн теңге) тартты;
- "ОнлайнҚазҚаржы МҚҰ" АҚ үш жылдық облигацияларды жылдық 10,0%-бен орналастыра отырып, 2,2 млн АҚШ долларын (баламасы 1,0 млрд теңге) тартты;
- "TAS FINANCE GROUP" МҚҰ" (ТАС ФИНАНС ГРУПП) ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 22,00% және өтеуге дейінгі мерзімі 2,5 жыл облигацияларды орналастырып, 2,4 млрд теңге тартты;
- "Orbis Leasing" ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 21,50% және өтеуге дейінгі мерзімі 0,9 жыл облигацияларды орналастырып, 405,2 млн теңге тартты;
- "R-Finance" Микроқаржы ұйымы" ЖШС жылдық 23,00%-бен екі жылдық облигацияларды орналастырып, 642,4 млн теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында банктердің үлесі 16,6%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 0,3%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 38,5%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 42,0%, жеке тұлғалардың үлесі 2,6% құрады. Бейрезиденттердің үлесі 0,1%-дан төмен.

Облигациялардың қайталама нарығында ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында сауда-саттық көлемі 2023 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 21,8%-ға немесе 19,3 млрд теңгеге өсіп, 108,1 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында банктердің үлесі 13,1%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 9,0%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 13,6%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 43,1%, жеке тұлғалардың үлесі 21,1%-ға тең болды. Бейрезиденттердің үлесі 7,5% құрады.

**МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)**



2024 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша KASE-де саудаланатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы жыл басынан бері 1,3%-ға немесе 313,2 млрд теңгеге ұлғайып, 24,2 трлн теңгені (53,9 млрд USD) құрады.

KASE-дегі МБҚ сауда-саттығының жиынтық көлемі 2,3 трлн теңгені құрады және 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 60,9%-ға немесе 881,3 млрд теңгеге өсті. 2024 жылдың үш айының қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 39,5 млрд теңгені (қайталама нарықта – 8,0 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 16 (қайталама нарықта – 10), бір мәміленің орташа көлемі – 2,5 млрд теңгені (қайталама нарықта бір мәміленің орташа көлемі-0,8 млрд теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда көлемі 58,5%-ға немесе 685,2 млрд теңгеге 1,9 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Бұл көлем Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің қазынашылық міндеттемелерін орналастырудан түсті. Барлығы жылдық 11,00-13,35%-бен және өтеу мерзімі 0,6 жылдан 15 жылға дейінгі облигациялардың 21 шығарылымы (төрт жаңа шығарылым және он жеті шығарылым ұлғайтылды) орналастырылды.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2024 жылдың үш айында банктердің үлесіне – 60,6 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 0,1% төмен, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 38,2 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 1,2% тиесілі болды. МБҚ бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 0,1%-дан төмен болды.

Қайталама нарықтағы сауда көлемі 71,0%-ға немесе 196,1 млрд теңгеге 472,4 млрд теңгеге дейін өсті. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінен 45,0% немесе 212,6 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі – 52,7% немесе 249,1 млрд теңгені, Қазақстан Республикасы еурооблигацияларының үлесі – 0,2% немесе 995,9 млн теңгені құрады. Қалған көлем шет мемлекеттердің МБҚ-мен (АҚШ, Түркия, Австрия және Оман Сұлтандығының Қаржы министрлігінің облигациялары) жасалған мәмілелерге сәйкес келіп, 2,0% немесе 9,6 млрд теңгені құрады.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2024 жылдың үш айында банктердің үлесіне – 53,9 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 3,8 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 11,5 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 30,3 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 0,6% тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 5,0 % - ға бағаланады.

### **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ (ХҚҰ)**

Есепті кезеңнің соңында KASE сауда-саттық тізімінде жеті халықаралық қаржы ұйымы облигацияларының 76 шығарылымы болды: Еуразиялық даму банкінің 35 шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің 18 шығарылымы, Азия даму банкінің 12 шығарылымы, Еуропалық инвестициялық банктің екі шығарылымы, Халықаралық қаржы корпорациясының төрт шығарылымы, Халықаралық Қайта Құру және даму банкінің төрт шығарылымы және Жеке секторды дамыту бойынша Ислам корпорациясының бір шығарылымы.

2024 жылдың басынан бастап ресми тізімге облигациялардың 18 шығарылымы енгізілді: Еуразиялық даму банкінің сегіз шығарылымы, Халықаралық қайта құру және даму банкінің төрт шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің үш шығарылымы, Еуропалық инвестициялық банктің екі шығарылымы және Азия даму банкінің бір шығарылымы. 2024 жылдың бірінші тоқсанында KASE ресми тізімінен олардың өтелуіне байланысты Еуропалық қайта құру және даму банкінің екі шығарылымы шығарылды.

Өткен кезеңде сауда-саттық көлемі 152,5 млрд теңгені құрады және өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 22,4%-ға немесе 27,9 млрд теңгеге өсті.

Бастапқы нарықта сауда-саттық көлемі 148,1 млрд теңгені құрады және 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 21,2%-ға немесе 25,9 млрд теңгеге өсті. Екі эмитенттің облигацияларының 12 шығарылымы орналастырылды:

- Еуразиялық даму банкі кірістілігі жылдық 13,00-14,50% және өтелгенге дейінгі мерзімі 0,25-1,00 жыл дисконттық облигациялардың тоғыз шығарылымын және 12,50%-бен және өтелгенге дейінгі мерзімі 3,6 жыл купондық облигациялардың бір шығарылымын орналастыра отырып, 105,2 млрд теңге тартты;
- Еуропалық қайта құру және даму банкі TONIA + маржа 0,00% өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар үш және бес жылдық облигацияларды орналастыру арқылы 42,9 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде бастапқы нарықта банктердің үлесі 56,8 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 0,6 %, институционалдық инвесторлардың үлесі – 36,7 %, өзге заңды

тұлғалардың үлесі – 5,7 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,2% құрады. Бейрезиденттер халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының бастапқы нарығына қатысқан жоқ.

Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 4,5 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 77,5%-ға немесе 2,0 млрд теңгеге жоғары.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2024 жылдың үш айында ЕДБ шоттарына – 38,2 %, брокерлік-дилерлік ұйымдарға – 3,6 %, институционалдық инвесторлардың үлесі – 41,6 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі – 7,3 %, жеке тұлғалардың үлесі – 9,4% құрады. Бейрезиденттердің қатысуы 7,8% құрады.

### ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ

2024 жылдың 01 сәуіріндегі жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компания және алты ETF басқаратын пай қорларының 17 құралы болды.

Есепті кезеңде сауда-саттық көлемі 4,4 млрд теңгені құрады, бұл осыған сәйкес кезең нәтижесінен 3,1 есе немесе 3,0 млрд теңгеге жоғары.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 50,9% жеке тұлғаларға, 34,4% – брокер-дилерлерге және 14,7% – басқа заңды тұлғаларға тиесілі.

### ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2024 жылдың 01 сәуіріндегі жағдай бойынша KASE ресми тізімінде базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, Kaspi.kz АҚ, "Қазақтелеком" АҚ және "ForteBank" АҚ жай акциялары болып табылатын бес шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (FDK) болды.

Сауда-саттық көлемі 2024 жылдың бірінші тоқсанында 663,5 млн теңгені құрады және 2023 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 95,2%-ға немесе 323,6 млн теңгеге ұлғайды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 40,2% жеке тұлғалардың шоттарына, 41,4% – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 11,8% – басқа институционалдық инвесторларға және 6,6% – басқа заңды тұлғаларға тиесілі болды.

### ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ШОТТАРЫ

2024 жылдың 01 сәуіріндегі жағдай бойынша Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде 704 мың дербес шот болды. Бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша жеке тұлғалар 11 мың жаңа дербес шотты тіркеді.

### ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында KASE шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа KASE-нің 33 мүшесі қатысты.

2024 жылдың алғашқы үш айында шетел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі 7,7 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 36,4%-ға немесе 2,0 трлн теңгеге жоғары. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 2024 жылдың бірінші тоқсанында 129,7 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 650, бір мәміленің орташа көлемі – 199,5 млн теңгені құрады.

Төмендегі кестеде KASE-де саудаланатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтірілген (сауда-саттық көлемінің, көлеміндегі үлестің, мәмілелер санының өзгеруі өткен жылдың ұқсас кезеңіне қатысты көрсетілген; бағамның өзгеруі жыл басына қарай шетел валютасының орташа өлшенген биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәміле саны	ең төм. және ең жоғары бағамдар, базалық бірлік үшін баға белгіленетін валюта саны	Наурыз айының соңындағы бағамы (өзг.%)
USD/KZT	12 193,5 (+37,2 %)	71,7 % (-0,1 %)	26 577 (+6 290)	444,30 – 458,80	446,77 (-1,7 %)
RUB/KZT	129 812,2 (x2,2)	8,4 % (+2,0 %)	9 193 (+6 374)	4,7500 – 5,1600	4,8395 (-4,4 %)
CNY/KZT	693,9 (-47,5 %)	0,6 % (-1,0 %)	455 (+37)	61,9000 – 64,0600	61,9328 (-3,2 %)

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәміле саны	ең төм. және ең жоғары бағамдар, базалық бірлік үшін баға белгіленетін валюта саны	Наурыз айының соңындағы бағамы (өзг.%)
EUR/KZT	164,9 (-15,1 %)	1,1 % (-0,6 %)	912 (+228)	478,60 – 500,84	482,14 (-4,3 %)
EUR/USD	349,7 (-83,0 %)	2,2 % (-15,9 %)	753 (+505)	1,0699 – 1,0985	1,0782 (-3,0 %)
USD/CNY	2 716,7 (x61,4)	16 % (+15,7 %)	475 (+449)	7,1500 – 7,2650	7,2596 (+2,1%)
EUR/CNY	(-)	(-)	(-)	-	(-)

### АҚША НАРЫҒЫ

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2023 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 28,5% - ға немесе 18,2 трлн теңгеге ұлғайып, 81,9 трлн теңгені құрады.

2024 жылдың 23 ақпанында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1,0 б.т. пайыздық дәлізімен жылдық 14,75% – ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады. Тиісінше өтімділікті беру бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша мөлшерлеме 15,75%, ал өтімділікті алу бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша 13,75% құрады.

Мәмілелер көлемі арқылы орташа өлшенген мәнді білдіретін MM\_Index ақша нарығының композиттік индикаторы USD/KZT валюталық своп операциялары және бір жұмыс күніне ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістілік мәні жыл басынан бастап 209 б.т. ағымдағы жылдың наурыз айының соңына қарай жылдық 15,19%-дан 13,10%-ға дейін төмендеді.

### РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫ НАРЫҒЫ

Осы сегменттегі сауда көлемі 2024 жылдың бірінші тоқсанында 64,1 трлн теңгені құрады, бұл 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы көлемінен 24,0%-ға немесе 12,4 трлн теңгеге артық. Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 1,1 трлн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 807, бір мәміленің орташа көлемі – 1,3 млрд теңгені құрады.

МБҚ-мен авторепо сауда-саттығының көлемі 43,3 трлн теңгені немесе репоның жалпы көлемінің 67,6%, ҰБҚ-мен авторепо – 20,7 трлн теңгені немесе 32,4%, ҰБҚ-мен тікелей репо – 15,9 млрд теңгені немесе 0,1%-дан төмен көлемді және МБҚ-мен тікелей репо – 47,3 млн теңгені құрады.

Наурыз айының соңына қарай TONIA индикаторы (МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында Биржада жасалған бір жұмыс күні мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме) жылдық 16,19%- дан 13,91%-ға 228 б. п. төмендеді.

TRION индикаторы (Биржа орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып, клирингілік қызметті жүзеге асыратын МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен Биржада бір жұмыс күні ішінде жасалған репо ашу мәмілелері бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме) жылдық 16,19% - дан 13,95%-ға 224 б.т. төмендеді.

TWINA индикаторы (Биржа орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып клирингілік қызметті жүзеге асыратын МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен Биржада жасалған жеті жұмыс күні мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме) 159 б.т. жылдық 15,50%-дан 13,91% - ға дейін төмендеді.

### ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ НАРЫҒЫ

2024 жылдың бірінші тоқсанында валюталық своп операциялары нарығында сауда-саттық көлемі 17,9 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың бірінші тоқсанына қарағанда 5,8 трлн теңгеге немесе 47,6%-ға артық.



Ағымдағы жылдың алғашқы үш айында операциялардың орташа тәуліктік көлемі 302,9 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 50, бір мәміленің орташа көлемі – 6,1 млрд теңгені құрады.

Валюталық жұп	Құрал	Көлемі, млрд теңге	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %
USD/KZT	USDKZT_0_001	5 600,9	12 433,3	31,3%
	USDKZT_0_002	11 992,3	26 643,5	67,1%
	USDKZT_0_03M	22,4	50,0	0,1%
	USDKZT_1_001	3,8	8,6	<0,1%
EUR/KZT	EURKZT_1_001	0,2	0,4	<0,1%
RUB/KZT	RUBKZT_0_001	4,2	845,0	<0,1%
	RUBKZT_0_002	233,6	47 500,0	1,3%
	RUBKZT_1_001	14,1	2 881,6	0,1%

SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своптың табыстылығы наурыз айының соңында жылдық 9,05% құрады және жыл басынан бастап 55 б.т., SWAP-2D (USD) екі күндік валюталық своптың табыстылығы – 174 б.т. жылдық 10,24% - ға дейін төмендеді.

### ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамына, Ресей рублінің теңгеге бағамына, KASE индексіне және "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына жеткізілімсіз фьючерстер саудаға қолжетімді.

2024 жылдың бірінші тоқсанында 9 914,0 теңге сомасына KASE индексіне фьючерстермен екі мәміле жасалды. 2024 жылдың 01 сәуірінде туынды құралдар нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық позициялары болмады.

### Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE Халықаралық биржалар федерациясының (WFE) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты дамудың қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 53 42, pr@kase.kz.